



7 желтоқсан, сейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

3 Байланыс
нығая береді

4 Еліміздің бақытын
тербеткен

5 Жас жыршылар
байқауы

6 Клиниканың
қайырымды ісі

Іргелес мемлекеттердің ілгері қадамы



Ақорда резиденциясында Қазақстан астанасына мемлекеттік сапармен келген Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевті салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Құрмет карауылы ротасының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт бергеннен кейін екі елдің әнұрандары орындалды. Бұдан кейін Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев Шығыс залында шағын құрамда келіссөз өткізді.

Шағын құрамда өткен мазмұнды кездесуден кейін екі елдің ресми делегациялары мүшелерінің қатысуымен келіссөзді кеңейтілген құрамда жалғастырылды. Сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайту, оның ішінде өзара тауар айналымын арттыру, инвестиция тарту және өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс,

көлік салалары бойынша кооперацияны дамыту мәселелеріне баса мән берді. Сондай-ақ су-энергетикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы өзара ықпалдастық мәселесі талқыланды. Қасым-Жомарт Тоқаев мызғымас достыққа, тату көршілік пен стратегиялық ықпалдастыққа негізделген

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы көпжақты байланыстардың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында қазақ-өзбек ынтымақтастығы барлық салада бұрын-соңды болмаған шындыққа көтерілді. Құрметті Шавкат Миромонович, осы оң үрдіске Сіз сүбелі үлес қостыңыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті бүгінде екі ел мемлекетаралық серіктестіктің жарқын үлгісіне айналған берік әрі үйлесімді қарым-қатынас орнатқанын айтты. Барлық деңгейде белсенді әрі аса сенімді саяси диалог орнатылған.

3-бет

Тәуелсіздік тағылымы

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті - Елбасы

Көп ұзамай ең қасиетті құндылығымыз – ел тәуелсіздігінің торқалы тойын атап өтеміз. Осыдан отыз жыл бұрын біз саналы түрде, өз дүниетанымымыз бен болмысымыздың негізі ретінде бостандық пен азаттыққа тандау жасалдық. Бүгінге дейінгі бұл мерзім адамзат тарихы үшін қасқағым ғана сәт болғанымен, орда бұзар жасқа енді толған тәуелсіз Қазақстан үшін ол – үлкен белес, асқаралы асу.

Мұндайға тек рухы күшті, бірлігі бекем жұрт ғана қол жеткізе алады.

Аргыда сақ, ғұн бабаларымыз, беріде қаһарман түрік аталарымыз аласапыран замандардағы алақұйын дауылдарға төтеп беріп, Ұлы далада ұлық ұлыс құрды. Талай жұрт алапат соғыстар мен арпалысқан айқастарда үлере көшіп, бордай тозып, тастай үгіліп, құмдай шайылып кеткен замандарда қазақтар түрік жұртының ата қонысын, қара шаңырағын сақтап қалды.

Дана бабаларымыз өзін ғана емес, адал ғұрпын, дархан көнілін, таза тілін, әсем әні мен қоныр күйін, мәйекті мәдениеті мен бай әдебиетін қоса сақтап, ұрпағына аманаттай білді. Тамырын да, тарихын да, күш-қуатын да Ұлы даладан алатын, көптеген этнос өкілдері татулық пен келісімде, береке-бірлікте бірге өмір сүріп жатқан дәл осындай елдің ұлы мен қызы болу – әр қазақстандықтың маңдайына жазылған шексіз бақыт.

Адамзат тарихындағы ең айтулы оқиғаларға толы ғасырлар тоғысында елімізді басқару маған



үлкен сеніммен қатар зор жауапкершілік жүктеді. Мен өзін басшылық еткен отыз жылға жуық уақыт бойына туған халқымыздың сенімін ақтау үшін бар күш-жігерімді аянбай жұмсадым.

Ерлік пен елдікті ту еткен, жасампаздықты жалау еткен халқымыздың дербес мемлекет құрғанының отыз жылдық торқалы тойы қарсаңында тәуелсіздіктен тағылым алу үшін бүгін туған халқымыз ой бөлісуді жөн көрдім.

2,3-беттер

● МЕРЕЙ



«Театр – тағдыр, тұмарым»

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Хүсейін Өмір-Темірдің 80 жылдығына арналған «Театр – тағдыр, тұмарым!» атты шығармашылық кеш өнер иесінің өзі ұзақ жылдар бойы еңбек етіп келе жатқан Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында өтті. Салтанатты шарада облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова мерейтой иесін құттықтап, саладағы абыройлы еңбегін атап өтті.

Сб Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

– «Тәуелсіздігіне 30 жыл болған еліміздің рухани байлығын арттырып, төл өнерімізді халықаралық деңгейде танытуда өнер өкілдерінің өзіндік алар орны ерекше.

Қазіргі таңда Сыр елінде мақтанш етіп айтатын өнердің тұғырлы тұлғаларының тұтас ансамблі бар. Солардың сапында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,

танымал режиссер, талантты сахна майталманы Хүсейін Жүсіпұлы Өмір-Темірдің есімі ерекше аталады. Еліміздің бірнеше театрында қызмет етіп, туған жерге деген перзенттік парызын өтеу үшін Қызылорда драма театрына келген Хүсейін ағамыз бүгінде қазақ театр өнеріндегі өр болмысты талант иесіне айналып отыр.

4-бет

● ИГЛІК

Тәуелсіздік тойына тарту болмақ

«...Өмірлер 2021 жылы Индустрияландыру картасы аясында жалпы сомасы 1,3 трлн теңге болатын 139 жобаны іске қосып, 12,7 мың жаңа тұрақты жұмыс орнын ашуды жоспарлап отыр. Қараша айындағы жағдай бойынша жалпы сомасы 1 трлн теңге болатын 83 жоба пайдалануға беріліп, 9 мыңдай тұрақты жұмыс орны ашылды. Қызылорда облысында желтоқсан айында табақ шыны өндіретін зауытты техникалық іске қосу жоспарлануда. Өнімділігі – жылына 197,1 мың тонна шыны».

Сб Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Бұл – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұловтың өткен аптада Үкімет отырысында айтқан хабарламасы. Сонымен Қызылордада шыны зауытының техникалық іске қосылатын кезі де келіп жеткен сынайлы.

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова: «Шыны зауыты – бұл облыс үшін стратегиялық маңызды жобалардың бірі. Сондықтан жобаны іске асыру менің жеке бақылауымда.

Құрылыс алаңына үнемі барып тұрамын, зауыттың басшы-

ларымен бірге туындаған мәселелерді шешудеміз. Біз өз тарапымыздан зауыт үшін инженерлік инфрақұрылым тарту бойынша барлық жұмыстарды орындадық. Енді қалғаны – балқыту ваннасы мен күйдіру пешінің жабылғын монтаждау жұмыстары» деп осыдан біршама уақыт бұрын айтқан болатын. Бұған қоса 18 қараша күні Нұр-Сұлтан қаласында өткен баспасөз мәслихатында: «...Қазір жұмыстар 95 процентке бітті. Ең маңыздысы, ванна мен пеш құрылысы болатын. Бұл жұмыстар кейінгі 3-4 ай көлемінде жүргізіліп, аяқталды» деп мәлімдеген еді облыс әкімі.

4-бет

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Перзент сүймей адамның мейірі қанбас



Бала – адам өмірінің мәні мен сәні. Оның әр қылығы шаршағаныңды басып, көңіліне жылылық ұялатады, үмітінді еселейді. Сондықтан әрбір отбасында баланың былдыры мен шат күлкісі естіліп жатқанға не жетсін?! Бірақ мұндай қуаныш, бақыт кейбір отбасына бұйыра бермейтіні өкінішті. Бір перзентке зар болып, пұшайман күй кешіп жүрген отбасы аз емес қоғамда. Мұны күнделікті ақпарат көздерінен білуге болады.

Сб Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

6-бет



ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

2021 жыл
2019-2020
2018 жыл

ТӘУЕЛСІЗДІК:
2019-2020 жылдар

Қызылорда облысы әлеуметтік-экономикалық дамуының 2019 жылғы қорытындысы бойынша республикада алдыңғы қатарда аталды. Осы жылы аймаққа 400 млрд теңге инвестиция тартылды. Аймақ инвестициялар өсімінің қарқыны бойынша республикада өсу динамикасы жоғары деген үздік төрт өңірдің қатарына қосылды. Атап өтерлігі, осы жылы негізінен кәсіпорындардың өз қаражаты есебінен инвестициялау көрсеткіші жоғары болды. Аталған жерде инвестицияның 80 проценті кәсіпорындардың өз қаражаты есебінен жүзеге асырылды.

Мұнай өндіру көлемі белгілі себептерге байланысты біршама төмендеді. Бірақ кен орындары сақталды. Жаңа мұнай кен орындарын игеру, осы салаға жаңа технологияларды енгізу, газ өндіру мен өңдеу аймақ үшін маңызды жұмыс болып қалды. Сала бойынша Оңтүстік Торғай және Сырдария шөгінді бассейндерін игеру үшін республикалық бюджеттен қаржы бөлу күн тәртібіне енгізілді.

Аймақта тампонажды цемент өндіру зауыты іске қосылды. Өнімді Өзбекстанға экспорттау басталды. «Баласауысқандық» ванадий кен орнынан Ресей мен Ұлыбританияға 200 тоннадан астам аммоний метаванадаты экспортталды.

Облыста ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу қанат жайды. Жанакорған ауданында мың басқа арналған мал бордақылау алаңы ашылды. Бұл жұмыстар Шиелі және Қызылорда қаласында өріс алды. Бір атап өтерлігі, 2019 жылы облыста мал басы 1990 жылғы көрсеткіштен асып түсті.

4-бет

БАСПАСӨЗ – 2022

Құрметті
оқырман

2022 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде.

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы:
жекелей үшін: 6 айға – 3500 теңге.
Мекемелер үшін: 6 айға – 4500 теңге.



Тәуелсіздік тағылымы



Тәуелсіздікке барар қиын жолдардағы сансыз көп шайқастар мен көтерілістерде қаншама қаһарман бабаларымыз шейіт болды. Оларды еске алу, құрметтеу – біздің парызымыз. Сондықтан біз жаңа заманда қантөгіске жол бермей, қасиетті киеміз – тәуелсіздікке сабыр мен төзімділік, ақыл мен парасат арқылы қол жеткіздік.

Мен миллиондаған адамды қанға бөктіріп, қисапсыз мол қиындықтардан тұратын XX ғасырдың ортасында дүниеге келдім. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қазақтар қатыспаса да, патшаның 1916 жылғы маусым жарлығымен тыл жұмысы үшін ескерге шақырылды. Отаршыл өкіметтің өктемдігі мен зұлымдығы халықты ашыңдырып, төзімін таусыты. Сол кездегі Жетісу өлкесінің Қарқара, Қастек, Самсы өңірінде болған ұлт-азаттық көтерілістерге менің ата-бабаларым да қатысты.

Бұдан кейінгі қазақ даласын қанға бөктірген Азамат соғысы да халқымызға қисапсыз мол қасірет екелді. Ашаршылықтың екі бірдей толқыны – 1921-22 жыл мен 1930-32 жылдардағы сұрқия саясат салдарынан орнаған зұлмат кезінде қазақтың тең жартысы қырылды. Ел есін енді жинай бастаған отызыншы жылдар соңында сталиндік қанды репрессия ұлттымыздың сүт бетіне шығар қаймақтарын жалмап кетті, сонымен бірге қатардағы қарапайым азаматтар да қанды қасаптан аман қалмады.

Өрине, мен бұл оқиғалардың бәрін көзіммен көрмесем де, әкем мен анамның өзегін мұң мен зар өртеп, жанарын жасқа шылап отырып айтқан сөздерінен, азаттық жолында шейіт болған аруақтарға арнап, күбірлеп оқыған дұғаларынан естіліп, көкірегіме түйіп өстім. Кейде ойлаймын: қазақ деген не деген тәзімді халық?! Көбесіке көніп, шыдамасқа шыдаған. Болашағы бұдыр болған күннің өзінде сағын сындырмай, келесікеңің үмітін үзбеген. Қиындық атаулыға қасқая қарсы тұрып, үздіксіз алға жылжыған.

Адамзаттарихына еңқанды қырғын ретінде енген екінші дүниежүзілік соғыстың құрамдас бөлігі – Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндері, бала болсам да, әлі күнге көз алдымнан кетпейді. Сәби кезімді еске алғанда әр үйден майданға аттанған ағаларым, ер-азаматтың орнын жоқтаптай, «Бәрі де жеңіс үшін» деп, бел шешпей еңбек еткен аналарым мен жегерлерім, қаршадай күнінен өгізге жетілген соқамен жер жыртып, масақ теріп, еңбекпен көзін ашқан қатарластарым еске түседі. Менің еңбек тақырыбына жиі оралатынымның бір сыры да балалығын соғыс ұрлаған сол ауыр күндерден қалған естелікке болса керек.

Адамды қандай қиындықтан да аман алып шығатын құдірет еңбек екенін мен саби кезімнен-ақ сезіндім. Кейінгі жастарға үнемі «Еңбек ет, отбасыңды асыра, еліне қызмет қыл: өзің де табысты болып, Отаныңның да қуаты артады» дейтінім сондықтан.

Соғыстан соңғы кезеңдегі тың игеру, металл қорыту, болат балқыту – халық шаруашылығын қалпына келтірудің дәл ортасында жүрдік. Социализмнің артықшылығын да, кемшілігін де көрдік. Бір сөзбен айтқанда, Кеңес Одағы құрамында болған жетпіс жылдықтың нәтижесі біздің елдің пайдасына шешілген жок.

XX ғасыр басында Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы «Әлхамдүлһа, алты миллион халықымыз» деген екен. Патшалық Ресейдегі 1913 жылғы ресми санақ бойынша Дала өлкесінде, Түркістан өлкесіндегі қазақтарды қоспағанда, 5 миллион 597 мың халық тұрған. Демек Ахаңның айтып отырғаны –

күмән келтірмейтін ақиқат. Ал арада жарты ғасырдай уақыт өткенде КСРО-да 1959 жылы өткізілген санақта Қазақстандағы қазақтардың саны 2 миллион 787 мыңға дейін кеміп, республика халқының небәрі 30 пайызын ғана құраған.

Мен 1989 жылы республикамыздың бірінші басшысы болып сайландым. Дәл сол жылы өткізілген КСРО-ның ең соңғы халық санағының деректері бойынша Қазақстандағы қазақтардың үлес салмағы небәрі 40,1% ғана еді.

Азат еліміздің жастары тәуелсіздікке барар жолдың қандай азапты болғанын, қандай құрбандықтар мен сынақтар – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, азамат соғысы, ашаршылықтың алапат екі толқыны, қуғын-сүргін мен репрессиялар, Ұлы Отан соғысы, тың игеру жылдарындағы жаппай қоныс аударудың зардабы арқылы жеткенімізді білуі керек. Мұның өзі өткен тарихты қастерлеп, одан сабақ алу үшін қажет. Менің «Тәуелсіздік – бабалар қанымен келген киелі құндылық» дейтінім осында.

Мен отыз жыл бойы халқымызды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтатпаймай, қайранға қалдырмай, әлемдік өркениеттің алдының шебіне, дүниедегі ең дамыған 40 елдің қатарына қостым. Осы жылдар ішінде әлемдік ғылым мен мәдениеттің ең үздік жетістіктерін меңгерген жаңа ұрпақ қалыптасты. Жаңа елордамыз салынды. Ең үлкен табысым да, ең үлкен бақытым да осы деп санаймын.

Біз, Абай атамыз айтқандай, «ақырын жүріп, анық бастық». Соның арқасында көп сала мен бағыт бойынша өзгелерден озып кеттік. Енді осының мән-жайына тереңірек тоқталып, бұрын көп айтыла бермейтін кейбір деректі халықтың назарына ұсынғым келеді.

Кеңес Одағы сынды алып империя өткен ғасырдың 70-жылдары тарихшылар қауымы «тоқырау» деп айдар таққан күрделі кезеңге аяқ басты. Тек жоғарғы билік бекіткен жоспар мен қосып жазуға негізделген кеңестік экономика, жалаң ой, жадағай пікірлі коммунистік идеология қоғам дамуын тығырыққа тіреді.

Тоқырау кезінде ел экономикасында орын алған мүшкіл халді Қарағанды облыстық партия комитетінде басшылық қызмет атқарған 70-жылдардың соңында айқын аңғара бастадым. Ал мен Қазақ КСР Үкіметінің басшылығына тағайындалған 80-жылдары жағдай тіпті асықсын тұрған болатын.

М.С.Горбачевтың «қайта құру» тоқырауға белшесінен батқан қоғамға серпіліс әкеле алмады, керісінше көпөзділікке, жаппай жарнамалық ұрандарға жол берілді. Экономикалық базис жасалмай, асығыс басталған «бетбұрыс» жылдар бойы қордаланған проблемаларды одан әрі өршітіп, шарықтау шегіне жеткізді.

КСРО-да болған алғашқы демократиялық сайлау нәтижесінде іріктелген халық депутаттарының І съезі 1989 жылдың мамыр-маусым айларында өтті. Бұл кезең мен Республика Министрлер Кеңесі төрағасы болатынымын. Алып Одақ экономикасында орын алған мүшкіл жағдайды ашық айтуға тура келді.

Кремльдің Съездерсарайының трибунасынан мамырда сөйлеген сөзімді қаз-қалпында келтірер болсақ, онда былай деген екенмін: «...Қызметтік міндетім бойынша практикалық экономика мәселелерімен айналысып жүрген менің айтарым: біз бүгінде ел экономикасындағы шынайы жағдайды нақты білмейміз. Өздеріңіз ойлап көріңіздер: КСРО Мемлекеттік статистика комитетінің деректері бойынша елдегі азық-түлік өндірісі

артқан, бірақ сөрелер бос. Жоспарлар орындалуда, ал экономика ахуалы нашарлап барады. Неге? Мұндай «негелер» тым көбейіп кетті. Түптің түбінде экономикадағы дағдарыстың қаншалықты тереңдеп кеткенін анықтап, оны еңсерудің айқын жолын табуымыз керек-ақ.

Он екінші бесжылдық жоспары тоқыраудың ең тозған дәстүрлері негізінде жасалды.

Өрине, екі күннің бірінде «қайта құру», «бетбұрыс», тіпті «жеделдету» деп ұрандатып жатқан М.С.Горбачевқа «он екінші бесжылдық тоқыраудың ең нашар дәстүрі негізінде жасалды» деген сөз ұнай қойған жоқ. Тіпті регламентпен шектегісі келгендей сынай танытты. Бірақ залдың дүркірете қол соққаны оның мені тоқтатуына мүмкіндік бермеді.

«Шешінген судан тайынбас» дегендей, енді тартынып қалуға болмайтынын сезгендіктен, Қазақстанда қалыптасқан ауыр жағдайды да айтуға тура келді: «Ведомстволық өктемдік әлемдік нарықта зор сұранысқа ие шикізат ресурстары бай республикамыздың өз әлеуметтік дамуында ауыр халге түсуіне, экологиялық дағдарыс шегіне келіп тірелуіне әкеп соқтырды. Ыдыс-аяқ күнгенің кіріп кеткен пілдің көбін күнген министрліктер Аралдың түбіне жетіп тынды. Екібастұз даланы күлге бөктіруде. Мұнай өндіріп жатқандарға оның тұқ қайыры болмай тұр. Түрлі полигон үшін малшылар өрістерінен айырылды, ал оның өтемі туралы мүлде сөз жоқ».

Сөзімді аяқтап, залға қарасам, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Г.В.Колбиннің өңі сұп-сұр болып кеткен екен. Бірақ ел мүддесі, халық тағдыры талқыға түскен мұндай сәттерде аянып қалуға болмайтын еді.

Одақтың кетеуі кетіп, іргесі сөгіле бастаған кейінгі екі жыл ішінде қалыптасқан нақты жағдай тіпті уышығып кетті.

Кейін зерттеушілер «егемендік шеруі» деп айдар таққан үлеріске 1989 жылы алдымен Балтық елдері кірісіп, Кавказ елдерінде жалғасты да, артынан бүкіл Кеңес Одағын қамтыды. 1990 жылдың аяғына дейін Одақ құрамындағы 15 республика түгелдей өз егемендігін жариялап үлгергенімен, Эстония, Литва және Латвия елдерінен басқа 12 республика әлі Одақ құрамында болатын.

М.С.Горбачев қаншалықты жанталаса қимылдап, Одақты сақтап қалуға әрекет еткенімен, КСРО-ның одан әрі ылдырауын тоқтату мүмкін емес еді. Келесі 1991 жылдың 18-21 тамызында әйгілі «тамыз бүлігі» болды. Бұл Кеңес Одағы басшылығының дәрменсіздігін күллі әлемге танытты. Соның нәтижесінде 1991 жылдың тамыз-желтоқсан айларында қалған республикалар түгелдей өз тәуелсіздігін жария етті.

Саясаттың қызуы көтеріліп, Горбачев пен Ельциннің текетіресі шегіне жетіп, бір кездері темірдей тәртіпке негізделген орталықтағы басшылықтан береке кеткен сол тұста Қазақстан тарапынан жіберілген жалғыз қателіктің өзі орын толмас трагедияға әкеп соқтыруы әбден мүмкін еді.

Біз ашуды ақылға, асығыстықты сабырға жеңдіріп, үнемі әліптін артын бағып, аңысын андумен болдық. Маған батылдық қимылдау үшін бүкілхалықтық мандат керек еді. Осылайша, **1991 жылдың 1 желтоқсанында ел тарихындағы тұңғыш Президенттік сайлау өткізіліп, онда халықтың 98%-дан астамы қолдау білдірді. Бұл маған қанат бітіріп, еркін қимылдауыма көп ашты.**

Сайлаудан 2 күн өткенде – 3 желтоқсанда Алматыға М.Хофф бастаған Еуропа Парламентінің үлкен делегациясы келіп, Қазақстанның жаңадан

сайланған Президенті ретінде мені ресми сапармен Брюссельге келуге шақырды. Бұл да бізге үлкен демеу, халықаралық деңгейдегі қолдау болды.

Біз тәуелсіздікті жариялауға дайындықтың соңғы, шешуші кезеңіне де келіп жеттік. 8 желтоқсанда С.С.Шушквичтың қатысуымен Белоруссияның Беловежесінде өткен кездесуде Кеңес Одағының «халықаралық құқық пен геосаяси жағдай субъектісі» ретінде өмір сүруін тоқтатқаны туралы мәлімдеме жарияланды. Мен Ельцинмен, Кравчукпен, Шушквичпен жүздесу үшін шұғыл түрде Мәскеуге ұштым, мұндай кездесу күні бұрын жоспарланған еді, бірақ шақырылған үшеуі де келмей қалып, кездесу болмай қалды.

Бұдан кейін кеңес және шетелдік баспасөз өкілдерімен Мәскеуде өткізген баспасөз мәслихатында: «КСРО құрамына енген барлық республиканың тәуелсіздігін мойындап, олардың тез арада Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болуына көмектесу керек», деген пікірмізді ортаға салдым.

Желтоқсанның 12-13 желдызында Ашхабадта Орталық Азия республикаларының басшыларымен бас қосып, жағдайды саралай келіп, біз Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына тең құқылы мүше болуға әзір екендігіміз жөнінде ортақ мәлімдеме жасадық. Ертеңінде көптен күткен күн туып, Жоғарғы Кеңестің 1991 жылдың 14 желтоқсанында өткен 12-шақырылған 7-сессиясының талқылауына «Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң шығарылды.

Еліміздің жетекші заңгерлерінің қатысуымен алдын ала сараланып, сараптамадан өткізіліп, қапсыз даярланған заң бірден-ақ мақұлдануға тиіс болатын. Оның үстіне өзге республикалар мұндай заңдарын әлдеқашан қабылдап қойған. Бірақ жағдай біз күткеннен басқашалау болып шықты.

Жоғарғы Кеңес залында вице-президент Е.М.Асанбаев қатысып отырғанымен, мен талқылауды кабинетімдегі байланыс арқылы жіті бақылап отырдым. Әлі есімде, күн тәртібі жария етілісімен-ақ бір депутат: «Біз кімнен және неден тәуелсіздік алғалы отырмыз?! Өзіміз 70 жыл бойы сөгіп келе жатқан Ресей империясы үлгісімен енді қазақ империясын құруға ұмтылып жатқан жоқпыз ба осы?» деп арандатушылық пиғылдағы сұрағын бастап кетті.

Көп ұзамай тағы бір депутат оны қостай түсіп: «Біз тәуелсіз мемлекет жариялау мәселесін талқылаудамыз. Ертең таңертең 17 миллион халықтың тең жарымы – орыстілді қауым бөтен мемлекеттің азаматтары болып шыға келмек. Жолдастар, бұлай етуге болмайды ғой», деді.

Ал енді бір «халық қалаулысының»: «Тек қазақ қана Қазақ КСР-інің немесе Қазақстан Республикасының Президенті бола алатыны жөніндегі ұсынысты маған қатысты алғанда азаматтық теңқұқылыққа жасалған қиянат деуге бола ма, жоқ па?» деген сұрағына орай депутат С.Сартаев оған қазақ елінің Президенті «мемлекеттік тілді және ұлтаралық келісім тілін қатар меңгерген адам» бола алатыны жөнінде заңда тайға таңба басқандай жазулы екенін ескертті.

Мен әдейі, этика сақтап және ол уақыттың алыста қалғанына, замантөресі бәрін әлдеқашан өз орнына келтіргеніне байланысты қазір олардың атын атап, түсін түстеуді жөн көрмедім.

Өрине, олардың мұндай «батыл» сөйлеуінің ар жағында қолтығына су бүркетін сыртқы күштердің бар екенін де бірден аңғардым. Бірақ маған қателесуге де, ашуға бой алдыруға да болмайтын еді. Сол кездегі Жоғарғы

Кеңес депутаттары, ел ағалары, белгілі заңгер, ғылым қайраткерлері С.Зиманов, С.Сартаев, Ә.Кекілбаев, М.Қозыбаев, Ө.Жолдасбеков, т.б. депутаттардың орнықты, дәлелді жауаптарына қарамастан, заң жобасын екі күн бойы талқылаған депутаттар ортақ мәмілеге келе алмады.

Талқылау әбден тығырыққа тірелген кезде 16 желтоқсан күні түстен кейін мен Жоғарғы Кеңеске келіп, депутаттарға мән-жайды өзін түсіндіріп, олардың бұл шешімін бүкіл Қазақстан халқы, күллі әлем жұрты күтіп отырғанын былайша жеткіздім: «Бұл заңды қабылдауымыз керек, өйткені жалғыз біз ғана қалдық. Көпұлтты Қазақстан халқының алдында біздің арымыз таза. Бұл – барлығы әр сөзіне үніле отырып оқытын маңызды заң. Менің сайлауалды бағдарламам, біз шешкелі отырған барлық мәселенің түйіні осы. Басты мәселе – мемлекеттік тәуелсіздік мәселесі. Артықшүілгудің, ешқандай мән-маңызды жоқ сөздерді қосудың қажеті жоқ. Заңды осы күйінде басым көпшілік дауысы арқылы қабылдау керек деп санаймын. Баршаңыздан осыған бейілділік білдірулеріңізді сұраймын».

Осы сөзден кейін қарсы сөйлеген депутаттардың біразы сабасына түсіп, заң жобасы көпшілік дауысын қабылданды. Бұл бәріміз көптен күткен айшықты мезет, тарихи оқиға еді. Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Алдын ала ойластырумен, зор ұйымдастырушылықпен, қапсыз дайындықпен жүзеге асты.

Біз тәуелсіздікке бейбіт жолмен қол жеткізсек те, оған барар жолда бабалар қаны аз төгілген жоқ. Тәуелсіздік сол киелі қанның өтеуі еді. Мен мұның бәрін біз сенген, тәрбиеленген бүгінгі жас ұрпақ білсін, санасына сіңірсін деп әдейі жазып отырмын.

Тәуелсіздікті жариялау оңай емес, оны бүкіл әлемге мойындату одан да қиын еді. Мен Қазақстан тәуелсіздігінің осындай биік деңгейде мойындалуын да алдын ала ойластырып қойған едім.

Бірінше ай бұрын дипломатиялық арналар арқылы келісудің нәтижесінде Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған күннің ертеңінде елімізге ресми сапармен АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Дж.Бейкердің өзі келді. Бұл оның Қазақстанға екінші сапары болатын. Осы уақыт ішінде екеуміз өзара сенімге негізделген достық қатынас орнатып үлгерген едік. АҚШ-тың сыртқы саясатына жауапты тұлға Қазақстанды тұңғыш Президенті сайлауымен, тәуелсіздік жариялауымен шын жүректен құттықтады. Бұл апаратымы онымен бірге келген шетелдік журналистер қауымы АҚШ пен Батыс елдеріне сол сәтте-ақ таратып жіберді.

Оқиғалар ағыны қарқын ала түсті. Экономикалық ынтымақтастықты сақтау үшін 21 желтоқсан күні Ресей, Украина, Беларусь, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Армения, Молдова және Қазақстан президенттері бас қосқан кездесуде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру жөнінде келісімге қол қойылды. Саммит Қазақстан тарапының бастамасымен Алматыда өтті. Бұл бір кездері «КСРО құрамына енген республикалардың ендігі тағдыры қалай болады, кімнің жетегінде кетуі мүмкін?» деген әлем мемлекеттерінің аландаушылығын сап тыйып, Достастық мемлекеттерінің бірлестігі пайда болды.

Тәуелсіздік осындай «тар жол, тайғақ кешулер» мен «соқтықпаны, соқпақты замандардан» аман өтіп, өзінің арналы жолын тапты.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап біз береке-бірлікке, ынтымаққа, ұлтаралық татулық

пен дінаралық келісімге негізделген саясатты жүзеге асырдық. Бұл елімізді үздіксіз өсу мен өркендеуге бастады. Осының қадірін білуіміз керек. «Бірлігі бар ел озады», дейді дана халқымыз.

Біз дамуың даңғыл жолына түскенде өзіміз сияқты тәуелсіздігін жариялаған Грузия, Әзербайжан, Армения мемлекеттерінде, өкінішке қарай соғыс өрті тұтанып, Приднестровье Молдовадан бөлініп кетті. Тәжікстанда азамат соғысы өршіп, бауырлас қырғыз елінде дүркін-дүркін дүмшүлер мен қақтығыстар орын алып, сол жылдары басталған келіспеушіліктер әлі күнге дейін жалғасып, елдің берекесін алып қана қойған жоқ, экономикасын да тұрлатып, жылдар бойы алға дамуын тежеді. Украинаның онтүстік-шығысындағы осы күнгі жанжалдың төркіні де тоқсаншыны жылдардан келе жатқан алауыздықтардан басталды.

Ынтымағы жарасқан елдің табысы тасып, абыройы асады. Берекесі қашқан елдің қуаты кеміп, құты қашады. Отыз жыл ішінде біз ғасырларға бергісіз даму жолынан өттік. Ауыз толтырып айтар табыстарымыз да аз емес.

Тәуелсіздік жариялаған соң жүйелі саяси реформаны қолға алдық. Осыдан жиырма бес жыл бұрын бүгінгі барлық жетістіктерімізге берік зиянамалық іргетас болып қалғанға Ата заңымыз – жаңа Конституциямызды қабылдадық. Бүкіл халық болып табылаған бұл құжат ел даналығы мен ынтымағының, береке-бірліктің іргетасына айналды.

Дүниеде экономикалық даму мен демократияның алуан формасы болса да, оның дәл сол күйінде көшіріп ала қоятын ортақ үлгісі жоқ. Біз әлемдік тәжірибені қорытып, өз ерекшеліктеріміз бен мүмкіндіктерімізді ескеріп, «Қазақстан – 2030» стратегиясын түздік. Онда белгіленген межелді көрсеткіштерді мерзімінен бұрын орындаған соң халықтың қолдауын тапқан «Қазақстан – 2050» бағдарламасын жасадық. Әлемдік саясаткерлер мен сарапшылар «Қазақстан жолы» деп жағары баға берген ұлт дамуының даңғыл жолының өзегін дәл осы қос стратегия құрайды.

Біздің жұрт – тамырын жеті қат жер астына жіберген алып бөйтеректей өзін күш-қуатын ғасырлар бойы Ұлы дала төсінен алған байырғы халық. Бабаларымыз бізге мұра қылып ұлан-ғайыр жер қалдырды. Бірақ ол кешегі патша заманында да, Кеңес Одағы тұсында да халықаралық құжаттармен ресімделмеді.

Жалпы ұзындығы 14 мың шақырымдық біздің шекарамыздың барлық бойлығына қатысты сындарлы келіссөздер үлерісін ұйымдастыру оңай міндет болған жоқ. Бұған басшылығы алғашқы күндерден-ақ біздің тәуелсіздігімізге, сондай-ақ шекарамызды нақтылау ісіне қолдау білдірген екі ұлы көршіміздің – Ресей мен Қытайдың арқасында қол жеткізілгенін айта кетуім керек. Сөйтіп, Қазақстанның Ресей Федерациясымен арадағы ұзындығы 7500 шақырым болатын ортақ шекарасы достық пен сенім белдеуіне айналды. ҚХР-мен шектес 1700 шақырымдық шекарамыз бойынша да тарихи уағдаластыққа қол жеткізілді. Бұл жайт шекара мәселесі бойынша өзге де көршілес елдердің сындарлы ұстаныма болуына септігін тигізді.

Біз Ресейдің және оның президенті В.В.Путиннің, Қытай басшылығының тарихымыздағы сол маңызды сәтте көрсеткен қолдауының әрдайым қадірін біліп, ризашылықпен есте ұстауға тиіспіз.



Тәуелсіздік тағылымы

Келіссөз барысында өзара түсіністік пен тараптардың мүддесіне деген құрмет ахуалын қалыптастыра отырып, біз жүйелі түрде халықаралық келісімшарттар жасасып, мемлекеттік шекарамызды түпкілікті айқындап алдық. Солайша, бабалар аманатын орындау үшін және күндердің күнінде өз ұрпағымыздың алдынан бұдан да ауыр қиындықтар шықпауы үшін түйткілдер мен кедергілердің бәрін еңсеріп, қолға алынған істі ақырына дейін жеткіздік.

Жер дегеннен шығады. Кенес Одағы тұсында қазактың ұлан-байтақ жерінің әр тұсы жантүршігерлік атом жарылыстары жасалған түрлі әскери полигондар мен базаларға, зертханаларға айналды. Тек бір ғана Семей полигонында 456 ядролық, термоядролық жарылыс жасалды. Оның 116-сы ашық атмосферада жарылып, халқымызға орасан зор зиянды зардаптар әкелді. Қазақстан ғалымдарының есебінше, Семей полигонында жарылған атом бомбасының жалпы қуаты Хиросимаға тасталған бомбадан екі жарым мың есе артық екен. Мен осы тажал полигонның 1991 жылдың 29 тамызында жаптым.

Қазақстан тәуелсіздік алған-да біздің аумағымызда континентаралық баллистикалық ракеталарға арналған 1216 ядролық оқтұмсық болды. Бұл әлемдегі төртінші ядролық әлеует еді.

Біз атом қаруынан өз еркімізбен бас тартып, бүкіл-әлемдік ядролық қарусыздану көшіні бастадық. Бұл – Қазақстанның жаһандық бейбітшілікті сақтауға қосқан теңдессіз үлесі.

Тәуелсіздігімізді жариялағанда біздің өз валютамыз да жоқ еді. Әлемдік қаржы нарығын мұқият зерттей келе, ұлттық теңгемізді де дер кезінде айналымға енгіздік.

«Қамданған қапы қалмайды» дейді халқымыз. Ертеңін ойлаған ел ғана озады. Болашақ ұрпағымыз ештенеден тарылмауы үшін Ұлттық қор мен алтын-валюта қорын жасақтап, оған мол қаржы жинақтадық. Дәл осы мол қаражат пандемия кезінде бізге көмек болды.

Біздің еншімізге тарихымызда өз ауқымдылығы мен қиындығы жөнінен бұрын-соңды болып көрмеген жобаны жүзеге асыру – Сарыарқаның төріне, ерке Есілдің бойына ел қондырып, жана да әсем елорда салу мәртебесі бұйырды.

Астананың қарыштап дамуы еліміздің өзге өңірлерінің өркендеп өсуіне серпін берді. Шымкент халқының саны миллионнан асқан республикалық дербес үшінші қала қатарына қосылды. Екі мың жылдық тарихы бар көне Түркістан кейінгі екі жылдың ішінде айтарлықтай өзгеріп, әсем шаһарлардың біріне айналды. Еліміздің өзге өңірлері мен ірі қалаларын да дәл осындай болашақ күтіп тұр деп нәзі сеніммен айта аламын.

Егемендіктің елең-алаңында-ақ мен Қазақстанға экономикалық жаңғырту, инфрақұрылымды жаңарту және шикізатқа тәуелділіктен құтылу қажет екенін түсіндім. Бірақ тек үшінші онжылдықтың басына қарай, ресурс пен тәжірибе жинақтаған соң ғана біз бұл қиын істі жүзеге асыра алдық.

Біз индустрияландыруға және өз өнеркәсіп базамызды дамытуға иек арттық. Сол мақсатпен Индустриялық-инновациялық дамуыңздың үш бағдарламасы қабылданды, 9 триллион теңге сомасындағы 1500 жоба енгізілді. Қазақстан бұрын өндірілмеген өнімдер – электровоз, автобус, автомобиль, теміржол вагондары, трансформаторлар және басқа да 500-ден астам өнім түрін шығара бастады.

Жолдар мемлекеттің көлік саласының қамтамсыздығын атқаратыны белгілі. Небәрі 10 жыл ішінде біз 14 мың шақырым автомобиль жолын және 2,5 мың шақырым теміржол салдық, ірі әуежайлардың бәрін, теңіз бен құрлық порттарын қайта жаңғырттық. Соның нәтижесінде теңізге шығатын жолы болмаған Қазақстан Еуропа елдеріне, Парсы шығанағына, Үнді, Атлант және Тынық мұхитқа тікелей шығу

2-бет

мүмкіндігіне қол жеткізді және еуразиялық трансконтиненталды көлік көпіріне айналды.

Тәуелсіз еліміздің басты байлығы – адам. Мемлекетіміздің тірегі де, алтын дінгеі де – Қазақстан халқы. Мен бойымдағы қуат, қызметімдегі тәжірибе, ойымдағы нәр – бәрі-бәрін халқыма қызмет етуге жұмсап келемін.

Сол үшін тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бері тағдыр талайымен дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашылған миллионнан астам қандасымызды атамекенге алдырдым. Бұл айтар ауызға ғана оңай. Жер бетінде халқының саны миллионға жетпейтін қаншама мемлекет бар. Біз осыншама қандасымызды шетелдерден алдырып қана қоймай, басына – баспана, өзіне – жұмыс, ұрпағына білім бердік. Бұл іс әлі де жалғасын таба береді. Осының бәрі тәуелсіздіктің арқасында ғана мүмкін болғанын ұмытпауымыз керек.

Еліміз тәуелсіздіктің отыз жылы ішінде көптеген қиындықты еңсеріп, ұлан-ғайыр табыстарға қол жеткізді. Алда алар асуларымыз бен бағындырар биіктеріміз де, ықтимал сын-қатерлер де аз емес.

Міне, екі жылдан бері дүние жүзі алаң күй кешуде. Коронавирус дертінен туындаған пандемия әлемдік экономиканы ғана емес, өндіріс пен еңбекті ұйымдастыруды, ғылым мен технология дамуын, жалпы адамның ойлау жүйесін айтарлықтай өзгертті. Ең алдымен, адамзатқа ортақ індет даму деңгейіне қарамастан ел мен елдің экономикасы мен технологиясын жақындастырып, бір-бірімен ынтымақтастыра бастады. Соның негізінде жана жаһандық экономикалық парадигма қалыптасты.

Жақында Нобель сыйлығының түрлі ғылым саласындағы лауреаттарының үлкен бір шоғыры «Біздің ғаламшар, біздің болашағымыз» саммитінің қорытындысы бойынша әлем мемлекеттеріне үндеу жасап, пандемия адамзат дамуына Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ең үлкен апат болып енгендігін атап көрсетіп, онымен бүкіл дүние жүзі бірлесу керектігін алға тартты. Олар: «Егер осы бесжылдықта трансформациялық шаралар қабылданбаса, адамзаттың болашағына ауыр қатер төнетін болады... Қоғамның ең кедей және маргиналдаған топтары мейлінше әлсіз жіктер күйінде қала береді», деді.

Бұл менің осыдан тура 30 жылдай бұрын, 1992 жылдың 5 қазанында, Біріккен Ұлттар Ұйымының мінбесінен айтқан ұсынысымамен астасып жатыр. Біз сол кезеңнің өзінде әлемнің ең бай мемлекеттерінің әскери-соғыс мақсатына қарастыратын шығындарының 1%-ын бөлу арқылы адамзатқа айтып келмейтін, төтенше апаттарға қарсы күресудің халықаралық қорын жасауды ұсынған едік. Өңгіме ол кезде БҰҰ-ның бітімгершілік күштері туралы болған еді, бірақ, біріншіден, маңыздысы идея және ұжымдық әрекеттестіктің тетігі болатын, екіншіден, түрлі елде тәулік сайын жүздеген, мыңдаған адамды баудай түсіріп жатқан пандемияның соғыстан несі кем?

Егер дәл сол кезде мен ұсынғандай қор жасалған болса, қазіргі пандемия жағдайында кедей мемлекеттерге коронавирустен күресуге және оның зиянды зардаптарын жоюға бағытталған шараларды ұйымдастыруға мол мүмкіндік туған болар еді.

Пандемия әлемді жаңа күшке, жетекші тенденциялар мен алдағы қауіп-қатерлерге негізделген жаңа геосаяси трансформацияға бастады. Түтқиылдан келген індетке қарсы күресте жұртқа ақпарат пен сандық жүйеге негізделген жана технология көмек қолын созды. Бұл еңбек нарығына айтарлықтай жаңа өзгерістер әкелді.

Экономика бойынша Нобель сыйлығының лауреаты Кристофер Писсаридес төртінші индустриялық революция барысында роботтар біртіндеп адамдар қызмет ететін мамандықтардың басым көпшілігін алмастыратын болады деген болжам жасаған еді. Сол болжам енді келді. Жаһандық технологияланды-

ру нәтижесінде қазірдің өзінде ақпараттық технология, робот техникасы, синтетикалық биология, бионика, нанотехнология, жасанды интеллект саласында бұрын санаға да сыймайтын революциялық өзгерістер орын алып жатыр. Әлемде биоинженер, робот техникасы инженері, киберқауіпсіздік маманы, нейромаркетолог, космобиолог, урбанист-эколог, биофармаколог, агрокибернетик, метеоэнергетик сияқты жаңа мамандықтарға сұраныстар барған сайын арта түсуде.

Біз кезінде «EXPO-2017» көрмесін өткізіп, жасалып энергетикаға көшудің кешенді бағдарламасын қабылдадық. Бүгінде бүкіл әлем баламалы энергетиканы – жел энергиясы, гелиоэнергетика, гидроэнергетика, биоэнергетика, геотермалды энергетика салаларын қарқынды дамыту үстінде. Осы үдерістен қалмауымыз керек.

Жаһандық жана трендтердің қатарында болу үшін біз «Болашақ» бағдарламасын жасап, жастарымызды әлемнің ең үздік университеттерінде оқыттық. Ал қаражат жеткіліксіз болған өткен жасардың 90-жылдары біз студенттердің оқу ақысын, жүріп-тұруы мен күнкөрісін төлеп бердік. Осы уақытқа дейін ел игілігі үшін 15 мыңнан астам маман даярланды. Олар өз Отанының қамқорлығын сезініп, елге қызмет етіп, біздің үмітімізді ақтайды деп сенемін.

Кейіннен әлемдік деңгейдегі жоғары оқу орны – Назарбаев университеті, Назарбаев зияткерлік мектептері желісі, ақпараттық технологиялар саласындағы стартаптарға арналған «Астана-хаб» халықаралық технопаркi ашылды. Біздің жастар осындай ілгерішіл өзгерістердің көш басында болуы қажет.

Осыдан екі жарым жыл бұрын елімізде президенттік билік ауысты. Маған: «Ата заңымызда Сізге ешқандай шектеулілік жоқ. Соңғы сайлауда халықтың 98%-ына жуығының қолдауына ие болдыңыз. Қызметіңізді атқара беріңіз», деушілер аз болған жоқ. Бірақ әр нәрсе өз ретімен болуы керек.

Отыз жылға жуық ел басқарған кезімде мен жанымна қаншама азаматты серік етіп, көптеген шәкірт тәрбиеледім. Солардың ішінде Үкімет басқарған, Біріккен Ұлттар Ұйымы бас хатшысының орынбасары ретінде жаһандық саясатқа жетіктігін танытқан, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап қасымнан табылған нағыз патриот, жоғары білікті кәсіпқой тұлға Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевты Президенттік қызметке ұсындым. Сайлауда халықтың басым көпшілігі оны қолдады. Осылайша, біз халқымыздың ауызбірлігін, саясаттағы сабақтастығымызды күллі әлем қоғамдастығына тағы бір қырынан таныта білдік.

Халықтан кім асырып айтқан?! «Диірменнің тасындай дөңгелеген дүние» бір орнында тұрмайтыны белгілі. Президент ауысында, бірақ тәуелсіздік жолында біз берекелі, ынтымаққа, ұлтаралық татулық пен дінаралық келісімге негізделген саясатты жүзеге

асырыдық. Бұл елімізді үздіксіз өсу мен өркендеуге бастады. Осының кәдірін білуіміз керек екенін де Елбасы еске салды.

Расында да, тәуелсіз еліміздің дамуы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Елбасы бәсекеге қабілетті, қуатты Қазақстанды қалыптастырды. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейінгі кезеңде Сыр бойындағы халық – Ұлт Қошбасшының мейіріміне, қалтқисыз қамқорлығына бөленіп келеді. Нұрсұлтан Әбішұлы «Сыр – Алаштың анасы, Сыр елінің дамуы менін ұдайы назарымда» деп айтып жүрді. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың біздің

асырыдық. Бұл елімізді үздіксіз өсу мен өркендеуге бастады. Осының кәдірін білуіміз керек екенін де Елбасы еске салды. Расында да, тәуелсіз еліміздің дамуы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Елбасы бәсекеге қабілетті, қуатты Қазақстанды қалыптастырды. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейінгі кезеңде Сыр бойындағы халық – Ұлт Қошбасшының мейіріміне, қалтқисыз қамқорлығына бөленіп келеді. Нұрсұлтан Әбішұлы «Сыр – Алаштың анасы, Сыр елінің дамуы менін ұдайы назарымда» деп айтып жүрді. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың біздің

асырыдық. Бұл елімізді үздіксіз өсу мен өркендеуге бастады. Осының кәдірін білуіміз керек екенін де Елбасы еске салды. Расында да, тәуелсіз еліміздің дамуы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Елбасы бәсекеге қабілетті, қуатты Қазақстанды қалыптастырды. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейінгі кезеңде Сыр бойындағы халық – Ұлт Қошбасшының мейіріміне, қалтқисыз қамқорлығына бөленіп келеді. Нұрсұлтан Әбішұлы «Сыр – Алаштың анасы, Сыр елінің дамуы менін ұдайы назарымда» деп айтып жүрді. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың біздің

асырыдық. Бұл елімізді үздіксіз өсу мен өркендеуге бастады. Осының кәдірін білуіміз керек екенін де Елбасы еске салды. Расында да, тәуелсіз еліміздің дамуы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Елбасы бәсекеге қабілетті, қуатты Қазақстанды қалыптастырды. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейінгі кезеңде Сыр бойындағы халық – Ұлт Қошбасшының мейіріміне, қалтқисыз қамқорлығына бөленіп келеді. Нұрсұлтан Әбішұлы «Сыр – Алаштың анасы, Сыр елінің дамуы менін ұдайы назарымда» деп айтып жүрді. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың біздің

«Егеменіміз Қазақстан» газеті, 6 желтоқсан 2021 жыл

Іргелес мемлекеттердің ілгері қадамы

Үкімет деңгейіндегі жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр және парламентаралық байланыстар да нығайып келеді. Тараптар көпжақты құрылымдар мен тетіктер аясында өзара табысты жұмыс істеп жатыр. Қазақстан мен Өзбекстанның аймақтық және халықаралық күн тәртібіндегі көптеген мәселелер бойынша, оның ішінде Ауғанстандағы ахуалды тұрақтандыру мәселесіне қатысты көзқарастары мен ұстанымдары ортақ.

– Сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуда теңдессіз ілгерілеу бар. Биылғы 10 айдың қорытындысы бойынша екіжақты сауда айналымы 30 пайызға артып, 3 миллиард доллардан асты. Біз

ермесін өткізіп, жасалып энергетикаға көшудің кешенді бағдарламасын қабылдадық. Бүгінде бүкіл әлем баламалы энергетиканы – жел энергиясы, гелиоэнергетика, гидроэнергетика, биоэнергетика, геотермалды энергетика салаларын қарқынды дамыту үстінде. Осы үдерістен қалмауымыз керек.

Жаһандық жана трендтердің қатарында болу үшін біз «Болашақ» бағдарламасын жасап, жастарымызды әлемнің ең үздік университеттерінде оқыттық. Ал қаражат жеткіліксіз болған өткен жасардың 90-жылдары біз студенттердің оқу ақысын, жүріп-тұруы мен күнкөрісін төлеп бердік. Осы уақытқа дейін ел игілігі үшін 15 мыңнан астам маман даярланды. Олар өз Отанының қамқорлығын сезініп, елге қызмет етіп, біздің үмітімізді ақтайды деп сенемін.

Кейіннен әлемдік деңгейдегі жоғары оқу орны – Назарбаев университеті, Назарбаев зияткерлік мектептері желісі, ақпараттық технологиялар саласындағы стартаптарға арналған «Астана-хаб» халықаралық технопаркi ашылды. Біздің жастар осындай ілгерішіл өзгерістердің көш басында болуы қажет.

Осыдан екі жарым жыл бұрын елімізде президенттік билік ауысты. Маған: «Ата заңымызда Сізге ешқандай шектеулілік жоқ. Соңғы сайлауда халықтың 98%-ына жуығының қолдауына ие болдыңыз. Қызметіңізді атқара беріңіз», деушілер аз болған жоқ. Бірақ әр нәрсе өз ретімен болуы керек.

Отыз жылға жуық ел басқарған кезімде мен жанымна қаншама азаматты серік етіп, көптеген шәкірт тәрбиеледім. Солардың ішінде Үкімет басқарған, Біріккен Ұлттар Ұйымы бас хатшысының орынбасары ретінде жаһандық саясатқа жетіктігін танытқан, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап қасымнан табылған нағыз патриот, жоғары білікті кәсіпқой тұлға Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевты Президенттік қызметке ұсындым. Сайлауда халықтың басым көпшілігі оны қолдады. Осылайша, біз халқымыздың ауызбірлігін, саясаттағы сабақтастығымызды күллі әлем қоғамдастығына тағы бір қырынан таныта білдік.

Халықтан кім асырып айтқан?! «Диірменнің тасындай дөңгелеген дүние» бір орнында тұрмайтыны белгілі. Президент ауысында, бірақ тәуелсіздік жолында біз берекелі, ынтымаққа, ұлтаралық татулық пен дінаралық келісімге негізделген саясатты жүзеге

асырыдық. Бұл елімізді үздіксіз өсу мен өркендеуге бастады. Осының кәдірін білуіміз керек екенін де Елбасы еске салды. Расында да, тәуелсіз еліміздің дамуы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Елбасы бәсекеге қабілетті, қуатты Қазақстанды қалыптастырды. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейінгі кезеңде Сыр бойындағы халық – Ұлт Қошбасшының мейіріміне, қалтқисыз қамқорлығына бөленіп келеді. Нұрсұлтан Әбішұлы «Сыр – Алаштың анасы, Сыр елінің дамуы менін ұдайы назарымда» деп айтып жүрді. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың біздің

асырыдық. Бұл елімізді үздіксіз өсу мен өркендеуге бастады. Осының кәдірін білуіміз керек екенін де Елбасы еске салды. Расында да, тәуелсіз еліміздің дамуы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Елбасы бәсекеге қабілетті, қуатты Қазақстанды қалыптастырды. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейінгі кезеңде Сыр бойындағы халық – Ұлт Қошбасшының мейіріміне, қалтқисыз қамқорлығына бөленіп келеді. Нұрсұлтан Әбішұлы «Сыр – Алаштың анасы, Сыр елінің дамуы менін ұдайы назарымда» деп айтып жүрді. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың біздің

асырыдық. Бұл елімізді үздіксіз өсу мен өркендеуге бастады. Осының кәдірін білуіміз керек екенін де Елбасы еске салды. Расында да, тәуелсіз еліміздің дамуы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Елбасы бәсекеге қабілетті, қуатты Қазақстанды қалыптастырды. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейінгі кезеңде Сыр бойындағы халық – Ұлт Қошбасшының мейіріміне, қалтқисыз қамқорлығына бөленіп келеді. Нұрсұлтан Әбішұлы «Сыр – Алаштың анасы, Сыр елінің дамуы менін ұдайы назарымда» деп айтып жүрді. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың біздің

асырыдық. Бұл елімізді үздіксіз өсу мен өркендеуге бастады. Осының кәдірін білуіміз керек екенін де Елбасы еске салды. Расында да, тәуелсіз еліміздің дамуы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Елбасы бәсекеге қабілетті, қуатты Қазақстанды қалыптастырды. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейінгі кезеңде Сыр бойындағы халық – Ұлт Қошбасшының мейіріміне, қалтқисыз қамқорлығына бөленіп келеді. Нұрсұлтан Әбішұлы «Сыр – Алаштың анасы, Сыр елінің дамуы менін ұдайы назарымда» деп айтып жүрді. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың біздің

асырыдық. Бұл елімізді үздіксіз өсу мен өркендеуге бастады. Осының кәдірін білуіміз керек екенін де Елбасы еске салды. Расында да, тәуелсіз еліміздің дамуы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Елбасы бәсекеге қабілетті, қуатты Қазақстанды қалыптастырды. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейінгі кезеңде Сыр бойындағы халық – Ұлт Қошбасшының мейіріміне, қалтқисыз қамқорлығына бөленіп келеді. Нұрсұлтан Әбішұлы «Сыр – Алаштың анасы, Сыр елінің дамуы менін ұдайы назарымда» деп айтып жүрді. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың біздің

асырыдық. Бұл елімізді үздіксіз өсу мен өркендеуге бастады. Осының кәдірін білуіміз керек екенін де Елбасы еске салды. Расында да, тәуелсіз еліміздің дамуы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Елбасы бәсекеге қабілетті, қуатты Қазақстанды қалыптастырды. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейінгі кезеңде Сыр бойындағы халық – Ұлт Қошбасшының мейіріміне, қалтқисыз қамқорлығына бөленіп келеді. Нұрсұлтан Әбішұлы «Сыр – Алаштың анасы, Сыр елінің дамуы менін ұдайы назарымда» деп айтып жүрді. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың біздің

асырыдық. Бұл елімізді үздіксіз өсу мен өркендеуге бастады. Осының кәдірін білуіміз керек екенін де Елбасы еске салды. Расында да, тәуелсіз еліміздің дамуы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Елбасы бәсекеге қабілетті, қуатты Қазақстанды қалыптастырды. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейінгі кезеңде Сыр бойындағы халық – Ұлт Қошбасшының мейіріміне, қалтқисыз қамқорлығына бөленіп келеді. Нұрсұлтан Әбішұлы «Сыр – Алаштың анасы, Сыр елінің дамуы менін ұдайы назарымда» деп айтып жүрді. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың біздің

асырыдық. Бұл елімізді үздіксіз өсу мен өркендеуге бастады. Осының кәдірін білуіміз керек екенін де Елбасы еске салды. Расында да, тәуелсіз еліміздің дамуы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Елбасы бәсекеге қабілетті, қуатты Қазақстанды қалыптастырды. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейінгі кезеңде Сыр бойындағы халық – Ұлт Қошбасшының мейіріміне, қалтқисыз қамқорлығына бөленіп келеді. Нұрсұлтан Әбішұлы «Сыр – Алаштың анасы, Сыр елінің дамуы менін ұдайы назарымда» деп айтып жүрді. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың біздің

асырыдық. Бұл елімізді үздіксіз өсу мен өркендеуге бастады. Осының кәдірін білуіміз керек екенін де Елбасы еске салды. Расында да, тәуелсіз еліміздің дамуы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Елбасы бәсекеге қабілетті, қуатты Қазақстанды қалыптастырды. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейінгі кезеңде Сыр бойындағы халық – Ұлт Қошбасшының мейіріміне, қалтқисыз қамқорлығына бөленіп келеді. Нұрсұлтан Әбішұлы «Сыр – Алаштың анасы, Сыр елінің дамуы менін ұдайы назарымда» деп айтып жүрді. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың біздің

асырыдық. Бұл елімізді үздіксіз өсу мен өркендеуге бастады. Осының кәдірін білуіміз керек екенін де Елбасы еске салды. Расында да, тәуелсіз еліміздің дамуы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Елбасы бәсекеге қабілетті, қуатты Қазақстанды қалыптастырды. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейінгі кезеңде Сыр бойындағы халық – Ұлт Қошбасшының мейіріміне, қалтқисыз қамқорлығына бөленіп келеді. Нұрсұлтан Әбішұлы «Сыр – Алаштың анасы, Сыр елінің дамуы менін ұдайы назарымда» деп айтып жүрді. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың біздің

асырыдық. Бұл елімізді үздіксіз өсу мен өркендеуге бастады. Осының кәдірін білуіміз керек екенін де Елбасы еске салды. Расында да, тәуелсіз еліміздің дамуы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Елбасы бәсекеге қабілетті, қуатты Қазақстанды қалыптастырды. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейінгі кезеңде Сыр бойындағы халық – Ұлт Қошбасшының мейіріміне, қалтқисыз қамқорлығына бөленіп келеді. Нұрсұлтан Әбішұлы «Сыр – Алаштың анасы, Сыр елінің дамуы менін ұдайы назарымда» деп айтып жүрді. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың біздің

асырыдық. Бұл елімізді үздіксіз өсу мен өркендеуге бастады. Осының кәдірін білуіміз керек екенін де Елбасы еске салды. Расында да, тәуелсіз еліміздің дамуы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Елбасы бәсекеге қабілетті, қуатты Қазақстанды қалыптастырды. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейінгі кезеңде Сыр бойындағы халық – Ұлт Қошбасшының мейіріміне, қалтқисыз қамқорлығына бөленіп келеді. Нұрсұлтан Әбішұлы «Сыр – Алаштың анасы, Сыр елінің дамуы менін ұдайы

● МЕРЕЙ

«ТЕАТР – ТАҒДЫР, ТҰМАРЫМ»



Хүсейін ағамызды Сыр театрының ғана емес, жалпы қазақ өнерінің дамуына сүбелі үлес қосқан қайраткер деп танымыз, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы мерейтой иесіне Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыстап, иығына шапан жапты.

Мерейтой иесін КСРО және Қазақ КСР Халық артисі Асанәлі Әшімов, Қазақстанның Халық артисі Талғат Теменов құттықтап, маэстроның театр өмірінде қалдырған өзіндік қолтаңбасы мен жоғары репертуарлық талғамын атап өтті. Тағдырын театрмен

1-бет

тоғыстырған талант иесінің еңбегіне ерекше баға берді. Ал, ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованың құттықтауын министрліктің жауапты қызметкері Гүлнафис Мырзашева жеткізді. Сонымен қатар, қазақтың көрнекті жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Дулат Исабеков және С.Вургун атындағы Әзірбайжан Мемлекеттік орыс драма театрының көркемдік жетекшісі Мирбала Салимли мерейтой иесіне бейнеқұттықтау жолдады.

Алматы қаласындағы Ғ.Мүсірепов атындағы жасөспірімдер театрының артис-



тері, Самал Байсейітова мен Мақсат Мақұлбеков бастаған Сыр өнерпаздары режиссердің өмір жолы мен қызметіне арналған сахна қойылымдарын, ән композицияларын орындады.

Хүсейін Әмір-Темір қазақ театр өнерінің өркендеп, дамуы жолында өлшеусіз еңбек етті. Ол отандық театр сахналарында түрлі жанрдағы 200-ден аса спектакль қойған. Одан бөлек, бірнеше туындылары шетел театрларында қойылып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Өнер иесі шығармашылық

жетістіктері үшін кеңестік Мәдениет министрлігінің, 2 мәрте Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің, Қызылорда және Алматы облысы әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері.

Кеште мерейтой иесі өмірімен ұштасқан өнер жолы туралы шағын естелік айтты. Қиындығы мен қызығы қатар өрілген осынау өнер соқпағында қадірін арттырып, халыққа танытқан қара шаңырағына, көңіл көлдей көрермен қауымға риясыз алғысын білдірді.

ЕЛІМНІҢ БАҚЫТЫН ТЕРБЕТКЕН

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында ғалымдар, ақын-жазушылар және жас оқырмандардың қатысуымен «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік!» атты танымдық кеш өткізілді.

Мерекелік жиынды кітапхана басшысы Нұрлыбек Мынжас құттықтау сөзімен ашып, ел Тәуелсіздігінің тарихи маңызына қысқаша талдау жасады.

– Тарихқа шолу жасайтын болсақ, елімізде жалпы 700-ге жуық ірілі-ұсақты көтерілістер болған екен. Оның бәрі – азаттықты аңсау жолындағы талпыныс пен тәуелсіздік көрінісі. Кешегі Алаш арыстары да ұлттымыздың рухани бостандығы жолында жанын құрбан етті. Осындай сан алуан сындарлы шақтан аман өткен еліміз бүгінгі таңда әлем мойындаған әлеуетке ие болды. Сондықтан Тәуелсіздіктің бағасын біліп, оның баяндылығы мен тұрақтылығын сақтау – бүгінгі ұрпақтың борышы, – деді ол.

Экономика ғылымда-

рының кандидаты Қазыбай Құдайбергенов жиынға қатысқан жастарға өзі тәрбиесін алған, кешегі кеңес өкіметінің идеологиялық саясатының артық-кем тұсы жайлы әңгімелеп берді. Ал №140 мектеп директоры, қалалық мәслихат депутаты Айгүл Мұсабаева Тәуелсіз еліміздің жарқын болашағы жолында қабылданған саяси маңызды шешімдер мен іске асырылып жатқан бағдарламалар туралы тарқатып айтты.

Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, ақын Ғазиза Әбілда, Жастар ресурстық орталығы директорының орынбасары, ақын Мақсат Дауылбай, ерікті жастар ұйымының жетекшісі Талғат Мәндібай тақырып аясында ой-пікірлерін ортаға салып,



ел ертеңі үшін әр адамның өз ісін жете меңгеріп, есепті еңбек етуі маңызды екенін айтты. Ақын Мақсат Дауылбай толғанысын өлең шумақтарымен жеткізді.

М.Мәметова атындағы жоғары педагогикалық колледжінің 2 курс студенті

Нұрғелді Өтепберген М.Шаханов, Қ.Сарин сынды ақындардың «Желтоқсан оқиғасын» арқау еткен өлеңдерін оқыды. Сондай-ақ, облыстық кітапхана жанындағы «Жауқазын ғұмыр» шығармашылық тобы Тәуелсіздік тақырыбын жырға қосты.

Шара барысында оқырмандарға деректі бейнебаян көрсетіліп, «Азаттықтың ақ таңы» атты кітап көрмесі ұсынылды. Шараны облыстық кітапхана оқу залының сектор меңгерушісі Шолпан Сәдібекова жүргізді.

«СБ» ақпарат

● 30 ЖЫЛ: ҰСТАЗ және ҰРПАҚ

Дарақ бір жерде көгереді

«Үздіксіз ізденіс пен тынымсыз еңбек. Ұстаздың ұлы жолын тандаған әрбір адам осы қасиеттерге ие болу керек», – дейді 40 жыл бір мектепте жұмыс істеген Сағатбек Қарапаев. Ол Қызылжарма ауылындағы С.Әлжіков атындағы №144 қазақ орта мектебінде 1981 жылдан бері қызмет етіп келеді әрі осы мектептің түлегі.

Сб Айнуір БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Бүгінде алпысты алқымдаған ел ағасы бұрынғы ұстанымынан айныған емес. Әлі де сол жаңалыққа жаны құмар, өз мамандығын шексіз сүйетін және кәсіби шеберлігі мен біліктілігін үздіксіз жетілдіріп отыратын музыка пәнінің мұғалімі. Бәзбіреулер үшін музыка пәні тек ән салып, күй шертумен шектелетіндей көрінетін шығар, бәлкім? Алайда Сағатбек Жұмабекұлы әуезді ән арқылы оқушыларды ұлтын сүйуге, белсенді болуға, тәуелсіздікті қалдыруға әрқашан үндеп, барын салады.

Ол 1990 жылы «Жас мұғалім – 90» сайысының жеңімпазы атанып, Германияға жолдама алды. Білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақ ССР халық



ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен марапатталды. Сонымен қатар Білім және ғылым министрлігінің «2017 жылдың үздік педагогі» иегері атанды. Еңбек жолында осы білім ордасының басшысы қызметін атқарған. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары туралы ұстаздың айтары аз емес.

– Қызылжарма ауылында оқушылар бір қабатты ескі ғимаратта бөлек-бөлек оқитын. Мәселен, мектепалды дайылық тобы бір бөлек, 1-4 сынып аралығындағы балалар бастауыш мектептің, 5 сыныптан жоғарылар үлкендеу ғимаратта оқиды. Ауылға кіреберіс тұста орналасқан бұрынғы совхоз техникумының ғимаратын мектепке берді. Содан барлық оқушы бір ғимаратқа көшірілді. Қабырғасы да, едені де бетон. Қыста суық еді. Көмірдің жетіспейтін

кезі. Түнде мектептің қарауылдары сол көмірден жырып, ұрлайтын. Қазіргейді камера, не бастыққа берілген жеке көлік жоқ. Жаяулатып тұн жарымда мектепке барып келемін.

Ал қазір елдегі жағдай бірталай жақсарды. Білім саласына бөлінген қаржы да ұлғайды. Соның арқасында ауылымызда өзіміз армандағандай 1200 орындық білім ордасы 2009 жылы пайдалануға берілді. Зәулім ғимарат ауылға көрік беріп тұр. Тұрғындар санының артуына байланысты бұл мектепте де бала саны қазір көп. Тағы да білім ошағының қажеттігі туындап тұр. Ол да шешімі табылады деп сенеміз. Біз Тәуелсіз елдің ұрпақтарына дұрыс жол көрсету арқылы егемендігімізді еңселі ете түсеміз, – дейді ұстаз.

Қазалы ауданындағы Кеңес Одағының батыры Ү.Түктібаев атындағы ауылда Орынбет ишан Дәрменқұлұлының 200 жылдығына орай «Ортамыздың құты – Орынбет ишан» атты ауқымды шара өтті. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған шарала облыстық жас ақындар айтысы мен ұлттық спорт түрлерінен жарыс ұйымдастырылды.

Сб Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, «Сыр бойы»

Сүбелі сөз өрнегі



Ауылдық клубта жас ақындар айтысы басталмастан бұрын көрермендерге Орынбет ишанның өмір жолынан сахналық көрініс көрсетілді.

Облыстық жас ақындар айтысына қатысушы сөз зергерлерін Майдакөл ауылдық клубының меңгерушісі, ақын, сазгер Ермекбай Ағырай таныстырып, аламын бастап кетті.

Жас ақындар жұртшылыққа кестелі жыр, сүбелі сөз сайысын паш етті. Айтыстың аяқтық сынында бас жүлдені жалағаштық жас ақын Қартбай Мейірман қанығысына байласа, бірінші орынға Қызылорда қаласынан келген Бақытәлі Жамбыл не болды. Екінші орынды майдакөлдік Бекзат Серіков, үшінші орынды Қызылорда қаласынан келген Бекқожа Нұржігіт пен қармақшылық Бекжанат Смайылыұлы алды. Шараға аудан әкімі Мұхтар Оразбаев қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

– Ү.Түктібаев атындағы ауыл – тату-тәтті, ынтымағы мен бере-

кесі жарасқан мекеннің бірі. Сондықтан болар ауылдықтардың бірлігі бекем, тірлігі тынақты. Бүгін облыстық жас ақындар айтысынан бөлек, түрлі шаралардың күзсі болып отырмыз, – деді аудан басшысы.

«Орынбет ишан» мешітінің бас имамы Ғабдулла Иниятуллаулына аудан әкімінің «Алғыс хаты» табысталды. Облыстық жас ақындар айтысын Жанқожа Батыр атындағы аудандық мешіттің бас имамы Берік қажы Сүлейменов, Қазалы аудандық мәслихат хатшысы Бақытжан Жарылқап, «Nur Otan» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Нұрғиса Жалғасбаев, өзге де ел ағалары тамашалады.

Б.Әбдіразақов атындағы №88 мектептің спорт залында қазақша күрес, батпан көтеру және қол күресінен жарыстар ұйымдастырылды. Жарыс жеңімпаздарына қаржылай сыйлықтар табысталды.

Қазалы ауданы

Тәуелсіздік тойына тарту болмақ

Шыны зауытының құрылысы басталғанда қызылордалықтар жана өндіріс, жана жұмыс орындары, қазынаға түсер қосымша қаржы секілді игіліктерге қол жеткіземіз деп үміт артқаны рас. Алайда нарықтық құрылыстардың әсері бар, мердігерлер арасындағы келіспеушілігі бар, өзге себептер бар іске қосылуы созылып кетті.


Гүлшара Әбдікалыкова облысқа басып болып келген сәттен осы айтулы нысанның құрылысы қайта жандануы үшін қолдан келетін шаралардың бәрін жасады. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігін жұмылдыра отырып, зауыт құрылысының бас мердігері – қытайлық «Чайна Триумф Интернешнл Инжиниринг» трансұлттық компаниясы басшылығымен зауыт құрылысын аяқтау туралы ортақ келісімге келді. Жалпы алғанда, зауыттың құрылыс жұмыстары 80,2% орындалған еді. Негізгі жұмыс – балқыту ваннасы мен күйдіру пешін орнату. Елімізде бұл қондырғыларды орнататын мамандардың жоқтығынан шетелдіктерге мұқтаж болды. Осы келісімнің орындалуына коронавирус індеті кедергісін тигізді. Шекаралар жабылып, шетелдік мамандар елімізге кіре алмай қалды. Осылайша зауыт құрылысы кешеуілдей берді, іркіліс тағы созылды.

Аймақ басшысы тиісті министрліктер арқылы шетелдік мамандардың зауыт құрылысына жетуіне мүмкіндік туғызды. Осылайша жаз айларында зауыттың күйдіру пеші мен балқыту ваннасын құрастыру жұмыстары басталды.

Жалпы шыны зауытының экономикалық маңызы зор. Есептеулер бойынша елімізге жылына миллиондаған доллар тұратын шыны сырттан келеді екен. Егер өз зауытымызды өндіріске қосатын болсақ, сол қаржы өзімізде қалады. Одан басқа, егер сыртқа сатсақ, тағы да кіріс кіргелі тұр. Өйткені, шынының бұл түріне сұраныс көп. Сондай-ақ кәсіпорын шыны кластерінің дамуына қозғау салады. Зауыт айналасында шыны талшығы, айна, шыныдан ыдыс жасайтын ілесіп өндірістер ашу жоспары бар.

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында зауытты іске қосу жоспарланған. Өндіріс басында жүрген облыстық индустриалық-инновациялық даму басқармасының басшысы Ринат Сұлтангереевпен хабарласып, пешті іске қосуға соңғы дайындықтар жүріп жатқанын білдік. Ал зауыт орналасқан индустриалық аймақтағы облыс тарапынан атқарылуы тиіс жұмыстардың барлығы дерлік орындалған. Сыртқы инфрақұрылымдық жөнілер – газ құбыры, ауысу, электр энергиясы, байланыс жүйелері жеткізіліп, автокөлік жолы, темір жол салынған.

Бұл Тәуелсіздік тойына үлкен тарту болмақ. Технологиялық талап бойынша алғашқы өнім жарты жылға жуық уақыт өткенде шығарыла бастайды.



1-бет



Клиниканың қайырымды ісі



Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай облыс орталығындағы «Табиғи денсаулық» клиникасы Қызылорда қалалық мүгедектер қоғамымен бірлесе отырып мүмкіндігі шектеулі

30 адамды тегін диагностикалық тексерістен өткізді.

Адам ағзасын толық тексерістен өткізетін құрылғы 3 сағаттың ішінде сараптама қорытындысын шығарып береді. Ми тамыры, ас қорыту жүйесі, қан тамырындағы өзгерістерді анықтайтын заманауи құралдың мүмкіндігі орасан. Мамандардың айтуынша, тексеру тез әрі ешқандай ауырсынусыз жүреді.

«Табиғи денсаулық» клиникасы 2019 жылы ашылған. Бас дәрігер Ләззат Қалырбаеваның айтуынша, орталықта екі диагностикалық аппарат бар. Ол 9 жүйе, 35 мүшені тексеріп қарайды. Бір адамды тексеруге 40-45 минут жұмсалады. Сонан оны әрі қарай талқылау, оларға ұсыныстар беру, ем жасау, соның барлығына жалпы алғанда 1,5-2 сағат уақыт кетеді.

Ресейдің медициналық-әлеуметтік реабилитация академиясынан дәріс алған білікті мамандар бір ғана құрылғымен адам ағзасын тексере алады.

Тағдыр тәлкегіне түскен жарым-жан жандарды қоғамға бейімдеп, олардың еңсесін тіктеп, өзгелер секілді өмір сүрулеріне қолайлы жағдай жасау – бүгінгі қоғамның басты талабы. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мерекесінің қарсаңында 30 игі іс-шараға өз үлесімізді қосып, мүмкіндігі шектеулі жандарды тегін диагностикалық зерттеуді, медициналық көмек көрсетудеміз, – дейді орталық директоры Гүлжан Құндақбаева.

«Табиғи денсаулық» диагностикалық орталығының директорына қалалық мүгедектер қоғамының төрағасы Сәкен Алдашбаев мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсету жөнінде ұсыныс білдірген. Клиника оларды тегін тексеруден өткізіп, қолына дәрігерлік анықтама берген. Дәрігерлік анықтама барлық медициналық ұйымдарға жарамды.

«СБ» ақпарат

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Қайрбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2021 жылдың 5 маусымында қайтыс болған азамат Маликов Тамирберген Барзуюовичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербарыс көшесі 203, тел.: 30 47 23, 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

Мәселен, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегіне сүйенсек, жанадан бас құраған жұбайлардың 15-20 проценті бала сүю бақытына қол жеткізе алмайды. Ал елімізде әрбір алтыншы отбасының балалы болуға мүмкіндігі жоқ. Нақтырақ айтқанда, ресми тіркелген бедеу жұптардың ұзын саны 15 мыңға жуықтаса, соның 10 мыңдайы экстракорпоральді ұрықтандыруға мұқтаж.

Медицинаның елеулі жетістігі

Табиғи жолмен бала көтеруге қауқарсыз жандарға көмектесу үшін ғалымдар өткен ғасырдың қыркыншы жылдарынан бастап жатырдан тыс, яғни, жасанды жолмен ұрықтандыру әдісін сынап көре бастады. Алғашқы сынақтар кеміргіштерге жүргізілді. Ғалымдар аналық жасушаның ұрықтану уақытын, оның жатырға дейінгі өмір сүру ұзақтығын, сақтау әдісін ұзақ зерттеді. Одан кейін Кембридж университетінің зерттеушісі, белгілі дәрігер-гинеколог Роберт Эдвардс адам ұрығын зертханалық жағдайда өсіру мәселесін қолға алды. Аналық және аталық жасушаны жатырдан тыс ұрықтандырып, пайда болған эмбрионды жатырға салу әдістерін итеру үшін ғалымдарға 10 жылдай еңбек етуге тура келді. Әрине, басында қоғам бұл әдісті қабылдай қоймады. Діни көзқарас тұрғысынан да талай сынға іліккеніне қарамастан зерттеушілер 1975 жылы денеден тыс ұрықтандыру әдісін адамға қолданып көрді. Алайда алғашқы талпыныс сәтсіз аяқталды. Араға екі жыл салып, Роберт Эдвардс пен эмбриолог Патрик Степто тағы бір тәуекелге барды. Осылайша, 1978 жылдың жазында әлемдегі ең алғашқы «құтыдағы сәби» Луиза Браун дүниеге келіп, тоғыз жыл бойы бала сүйе алмаған британдық Джон мен Лесли Браундардың отбасына үлкен қуаныш сыйлады. Браундар бір баламен шектелген жоқ, төрт жылдан кейін тағы да ЭКҰ әдісіне жүгініп, екінші сәби – Наталиді дүниеге әкелді. Профессор Р.Эдвардс болса, адамзатқа пайдалы істің негізін қалағаны үшін Нобель сыйлығымен марапатталды.

Қазір денеден тыс ұрықтандыру әдісі медицина саласында қалыпты құбылысқа айналды. Халықаралық комитеттің хабарлауынша, аталған әдіс енгізілген осыныша жыл ішінде әлем бойынша экстракорпоральді ұрықтандыру арқылы 8 миллион адам дүниеге келген. Репродуктивті технологияларға байланысты мониторинг жүргізетін халықаралық комитеттің баяндамасына сүйенсек, ЭКҰ арқылы келген сәбилер саны артып жатқанымен, бұрынғыдай егіздер мен үшмерлерді туу көрсеткіші айтарлықтай төмендеген. Аталған комитет бұл баяндаманы Испанияның Бар-

1-бет



Перзент сүймей адамның мейірі қанбас

селона қаласында өткен Еуропалық адам репродукциясы және эмбриология қауымдастығының 34-кездесуінде көпшілік назарына ұсынды.

Бұл қауымдастық негізін 1985 жылы ЭКҰ әдісін енгізген Кембридж университетінің репродуктивті биологы Роберт Эдвардс қалаған. Ұйымның хабарлауынша, жыл сайын ЭКҰ арқылы бала сүйгісі келген 2 миллион адам ем қабылдағанымен, 500 мың бала дүниеге келеді екен. Сондай-ақ, қауымдастық 1997-2015 жылдар аралығындағы репродуктивті технологиялар туралы ұлттық реестр мәліметтерін жинақтаған. Оның ішінде жасанды ұрықтандыруға Испания халқы көп жүгінетіні анықталды. Жыл сайын бұл мемлекетте 119 875 емдеу циклі жүргізіледі екен. Одан кейінгі орында Ресей (110 723 цикл), Германия (96 512), Франция (93 918) тұр. Ал Ұлыбританияда жылына 60 мың емдік шара жүргізіледі.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, әлемде жасанды жолмен дүниеге келген сәбилер саны 8 млн-нан асады. Ал Қазақстанда денеден тыс ұрықтандыру әдісі алғаш рет 1995 жылы енгізілгені, оны елімізге алып келген белгілі ғалым, репродуктолог-эмбриолог Салтанат Байқошқарова екенін жұртшылық жақсы біледі. Дәл осы жылы Салтанат Берденқызының бастамасымен Алматыдағы «Экомед» адам ұрпағын өрбіту орталығында тұңғыш рет ЭКҰ жасалып, бір жылдан кейін еліміздегі алғашқы «құтыдағы сәби» дүниеге келді. 1996 жылдың шілдесінде туған қыз бала бүгінде 25 жаста, Англияда тұрады. Мәліметтерге сүй-

енсек, бүгінде елімізде аталған әдіспен туған балалар саны 20 мыңға жуық.

2010 жылдан бастап экстракорпоральді ұрықтандыруға квота бөлінеді. Ал оған дейін мұқтаж жандар өз қаржысымен жасатып келді. Статистикаға сүйенсек, квота арқылы елімізде осы уақытқа дейін жеті мыңға жуық ЭКҰ жасалыпты, нәтижесінде 3 000 бала туған. Ол кездері республика бойынша жылына тек 1000 квота беріліпін болған. Былтыр 1 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке биылдан бастап «Аңсаған сәби» арнайы бағдарламасын бастауды тапсырды. ЭКҰ бағдарламалары арқылы квота санын жеті мыңға дейін көбейтуді міндеттеді.

Бедеулік белең алуда

Жуырда Қызылорда қаласында Салтанат Байқошқарованың қатысуымен дәрігерлерге арналған конференция өтті. Онда бедеулік, квота мәселесі, емдеу тәсілдері талқыланды. Осы шарада Салтанат Берденқызымен сұхбаттасудың сәті түсті.

– Мен Еуропа елдерінде көп боламын. Жуырда ғана Германия, Италия, Швеция және Францияда болып, көптеген ақпарат жинап келдім. Бедеулік – қазіргі кезде үлкен мәселе. Оның себебі көп және ол көбіне қолдан жасалады. Табиғаттан берілетін бедеулік өте сирек, яғни, әйелдерде аналық ұрықтың жатырдың өр кісінде аталық ұрықтың болуына 3-5 процент ғана кездеседі. Қалған 95 проценті – қолдан жасалған бедеулік. Нақтырақ айтқанда, өмір сүру салтымен тікелей

байланысты. Қазіргі кезде экологиялық факторлардан бөлек, жасанды тағамдарды қолдану, түрлі алкогольді ішімдіктерге әуестік, жасанды түсік жасатудың жиілеуі, сонымен қатар смартфонға тәуелділік те бедеудің белең алуына әсер етуде. Өсіресе, бүгінде смартфонның зияны паш етектен екенін ғалымдар дәлелдеп берді. Онан шығатын радиация адамның генетикалық ауытқуына әкеп соғады. Сондай-ақ, қазір адамдар дәрі-дәрмекті көп қабылдайды. Түрлі фирмалардың БАД-тарын, яғни, биологиялық белсенді қоспаларды да жиі қолданады. Осының бәрі организмде химиялық өзгеріс тудырады да аналық, аталық ұрықты әлсіретеді. Біздің елімізде шетелмен салыстырғанда жағдай нашар. Өйткені біз өз денсаулығына көңіл бөлмейтін халықпыз, – дейді Салтанат Байқошқарова.

Ғалымның айтуынша, экстракорпоральді ұрықтандыруды қолға алған

салған емшаралардан кейін ұрықты салғанда есікабат болып жатса, екінші бірінде ұрық жатырға бекімеуі мүмкін. Еуропа елдерінде 2018 жылдың қорытындысын енді шығарып жатыр, ал біз тек статистика, көрсеткіш қууды білеміз. ЭКҰ-дан кейін 100 процент балалы боласыз деген кепілдікті ешкім бере алмайды. Табиғат бермегенге біз қалай 100 процент кепілдік береміз? Дегенмен қазір бұрынғыдай емес, технология өзгерді, ұрықтандырудың әдіс-тәсілі де басқаша. Осыдан 25 жыл бұрын жасанды ұрықтандыру арқылы бала көтеру көрсеткіші бір жасағанда 10-15 процент болса, қазір 30-дан жоғары, яғни, 40, 50 кейде 70 процентке жетуде. Бұған негізінен қазіргі қолданып жүрген әдіс-тәсіліміз септігін тигізуде. Мәселен, бұрын ұрықты алып, оны бірден әйелдің жатырына қайта салатынбыз. Көп жағдайда түрлі асқынудар болып, жүктілік нәтижесі төмен болатын. Кейінгі кезде криоконсервация – ұрықты мұздатып қою әдісі қолданылады. Әйелден ұрықты алған соң оны бір-екі ай мұздатып қоямыз. Ол аралықта әйелдің организмді де демалып қалады. Сосын қайта саламыз. Нәтижесі де жақсы болуда. Сондай-ақ, циклдарды бөліп жасау және генетикалық диагностиканың көмегі көп. Бірақ бұл әдістер квотаға кірмейді. Квота тек ЭКҰ жасатуға ғана беріледі. Ал нәтиже беретін әлгіндегі әдістерге пациент өз қалтасынан төлейді, – дейді Салтанат Берденқызы.

Сондықтан мамандар Денсаулық сақтау министрлігіне криоконсервация жасатуға көмек берісе деген ұсыныс жасауда. Маманның мәлімдеуінше, ЭКҰ-ға 1 адамға орташа 900 мың теңге бөлінеді. Соның 600 мың теңгесі дәрі-дәрмекке, яғни, емделуге кетеді екен. Сонда ЭКҰ-ға тек 300 мың теңге жұмсалады.

– Жасанды ұрықтандыруды бірден жасай салмаймыз. Алдымен ол әйелдің ауруын емдейміз. Ресейде емдеуге кететін дәрілер бізге қарағанда екі есе арзан. Өйткені ол үлкен ел, халық та көп, сұраныс та жоғары. Сондықтан оларға арзанға түседі. Мұны көпшілік түсіне бермейді. ЭКҰ-ға миллион жұмсалдық деп айтады. Нәтиже беру үшін алдымен әйелдің ауруларын емдеуіміз қажет. Өйтпесе еңбек еш кетеді, – деп атап өтті ол.

Облыста 600-лен астам әйел квота кезегінде тұр. 2018-2019 жылдары 38-ден, былтыр 44 квота бөлінген. Быыл «Аңсаған сәби» бағдарламасы бойынша 281 квота берілген. Қазір игерілу де.

Жалпы ЭКҰ – балалы болудың баламалы жолы, басқа амалы болмағанда ғана қолданылатын тәсіл екені белгілі. Ең дұрысы – бедеулік пен белсіздіктің алдын алып, өз денсаулығымызға дер кезінде көңіл бөлу, саламатты өмір салтын ұстану. «Перзент сүймей адамның мейірі қанбас» деп ұлы Абай айтқандай, бұл әлемде баланың тәтті қылығына ештеңе тен келмесі анық.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

25.01.2022 ж. Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек ауыл аймағы, Теренөзек ауылы, Қонаева көшесі №8 (мәдениет үйі) мекенжайы бойынша сағат 17:00-де «Подъездные автодороги к скважинам №№17, 34, 37,38, 39, 40, 41, 42, 43, 44 на месторождении Кетеказан Северный» Жобасы бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдау өтеді.

Карантин ұзартылған жағдайда, бұл қоғамдық тыңдау онлайн режимінде Қызылорда қаласында ZOOM платформасында бейнеконференция байланысы арқылы өтеді;

Шақыру сілтемесі: https://us04web.zoom.us/j/7788044641?pwd=NWdSVS9LWm14OFdHVTRlSn2WFFqQT09

Жеке конференция нөмірі: 778 804 4641

Кіру коды: 9guweY

Тапсырыс беруші: «ТУЗКОЛЬМУНАЙГАЗ ОПЕРЕИТИНГ» ЖШС, БИН 181140010632, Қызылорда қ., Д.Қонаев көшесі 4, Prima Park БО, Тел/ Факс +7(724) 2299407, Электронды почта Yergali.Bazarbayev@tmgoperating.kz

Әзірлеушілер: «ЭкоПроектСервис» ЖШС, Қызылорда қаласы, М.Шокай көшесі 271 «А», БИН 171240022221, тел.: 8-777-177-79-94

Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: https://ecportal.kz/ және ЖАО веб-сайты https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions ? lang = ru

Жоспарланған шаралар туралы қосымша ақпарат алу үшін электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірі: 8-777-177-79-94; too_ecorprojectservice@mail.ru

Жергілікті атқарушы органның электрондық поштасы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, prd@korda.gov.kz, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, тел.: 8(7242)-60-53-62.

25.01.2022 ж. Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек ауыл аймағы, Теренөзек ауылы, Қонаева көшесі №8 (мәдениет үйі) мекенжайы бойынша сағат 12:00-де «Система водонагнетания на месторождении Кетеказан Северный» Жобасы бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдау өтеді.

Карантин ұзартылған жағдайда, бұл қоғамдық тыңдау онлайн режимінде Қызылорда қаласында ZOOM платформасында бейнеконференция байланысы арқылы өтеді;

Шақыру сілтемесі: https://us04web.zoom.us/j/7788044641?pwd=NWdSVS9LWm14OFdHVTRlSn2WFFqQT09

Жеке конференция нөмірі: 778 804 4641

Кіру коды: 9guweY

Тапсырыс беруші: «ТУЗКОЛЬМУНАЙГАЗ ОПЕРЕИТИНГ» ЖШС, БИН 181140010632, Қызылорда қ., Д.Қонаев көшесі 4, Prima Park БО, Тел/ Факс +7(724) 2299407, Электронды почта Yergali.Bazarbayev@tmgoperating.kz

Әзірлеушілер: «ЭкоПроектСервис» ЖШС, Қызылорда қаласы, М.Шокай көшесі 271 «А», БИН 171240022221, тел.: 8-777-177-79-94

Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: https://ecportal.kz/ және ЖАО веб-сайты https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions ? lang = ru

Жоспарланған шаралар туралы қосымша ақпарат алу үшін электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірі: 8-777-177-79-94; too_ecorprojectservice@mail.ru

Жергілікті атқарушы органның электрондық поштасы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, prd@korda.gov.kz, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, тел.: 8(7242)-60-53-62.

25.01.2022 ж. Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек ауыл аймағы, Теренөзек ауылы, Қонаева көшесі №8 (мәдениет үйі) мекенжайы бойынша сағат 15:00-де «Система сбора нефти на м/р Кетеказан Северный» Выкидные линии к скв №37,38,39 и 40» жобасы бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдау өтеді.

Карантин ұзартылған жағдайда, бұл қоғамдық тыңдау онлайн режимінде Қызылорда қаласында ZOOM платформасында бейнеконференция байланысы арқылы өтеді;

Шақыру сілтемесі: https://us04web.zoom.us/j/7788044641?pwd=NWdSVS9LWm14OFdHVTRlSn2WFFqQT09

Жеке конференция нөмірі: 778 804 4641

Кіру коды: 9guweY

Тапсырыс беруші: «ТУЗКОЛЬМУНАЙГАЗ ОПЕРЕИТИНГ» ЖШС, БИН 181140010632, Қызылорда қ., Д.Қонаев көшесі 4, Prima Park БО, Тел/ Факс +7(724) 2299407, Электронды почта Yergali.Bazarbayev@tmgoperating.kz

Әзірлеушілер: «ЭкоПроектСервис» ЖШС, Қызылорда қаласы, М. Шокай көшесі 271«А», БИН 171240022221, тел.: 8-777-177-79-94

Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: https://ecportal.kz/ және ЖАО веб-сайты https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions ? lang = ru

Жоспарланған шаралар туралы қосымша ақпарат алу үшін электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірі: 8-777-177-79-94; too_ecorprojectservice@mail.ru

Жергілікті атқарушы органның электрондық поштасы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, prd@korda.gov.kz, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, тел.: 8(7242)-60-53-62

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті

ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицикатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.